Келісемін:
Қобда аудандық білім бөлімі
жанындағы әдістемелік кабинет
меңгерушісі: А.О.Айсина

Бекітемін:
«Айгөлек» бөбекжайының
директоры: Утепова Ж.Т.

Б А Ғ Д А Р Л А М А

«Ойнайық та, ойлайық»

«Таным» білім беру саласы

Құрастырғандар: Бектурлина Д.Қ.

Жотаева Н.Т.

2020-2021 оқу жылы.

Бағдарламаның алдына қойып отырған міндеттері мен мақсаттары:

Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеру, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.Балаларға математикалық қарапайым ұғымдарды түсіндіру, бекіту.Сондай-ақ бала заттың санын, затты салыстыру (көлемін), теңестіру, орналасуын, саны мен сыңарын (белгілеріне қарай) табу тәсілдерін меңгереді.Балада алғашқы түсініктер индуктивті және дедуктивті ойлау қалыптасады. Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б) қарай талдау, сараптау, салыстыру, кеңістікті бағдарлап,

салыстырмалы түрде ойлай алады. Алдына қойған мақсаттарына келер болсақ:

1. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
2. Балалардың білім беру облыстарының басқа салаларында алған білімдерін тиянақтау және бекіту;
3. Балаларды талдау, сараптау, салыстыру, кеңістікті бағдарлау, салыстырма лы түрде ойлау қабілеттерін дамыту;
4. Ойлау, назар аудару қабілеттерін бекіту, алған білімдерінен нәтиже шығару, берілген тапсырма бойынша тұжырымдама жасай білуге дағдылануына тәрбиелеу .

Күтілетін нәтижелер:

- Балаларды реттік және есептік санауға үйретуді;
- Заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуге, заттардың бір-бірінен айырмашалығын таба білуге, екі түрлі заттың ішіндегі бірдей заттарды салыстыруға, көру қабілетін дамыту;
- Берілген тапсырмаларды орындалуын түсініп, өз бетімен орындауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түсіндірме хат

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі орта топ балаларының негізгі бағдарламада қарапайым математика ұйымдастырылған оқу әрекетіне қосымша ретінде қарастырылып отыр. Бағдарламадан алынған тақырыптар негізгі бағдарламаларды толықтырып отырады. Дұмыс дасау, барысында балалардың берілген тапсырмалар, ойлау қабілеттерін дамытуда көңіл бөлінеді. Тапсырмаларды талдай отырып жұмыс дәптермен жұмыс жасап отырады. Сонымен бірге ұжымдаса отырып жұмыс жасай білуге тоқсан сайын 4 сағаттан бөлініп отырған бұл жастағы балалардың жас ерекшілігін ескерер болсақ бұл да бір тәрбилеу түрінің әдіс – тәсілдерін толықтыру болып табылады. Ортанғы жас тобындағы балалардың жасына қарай логика әрекінде үйретілуге тиіс әдіс – тәсілдері қолдану жоспарланған. Баларға қиын тиетін тұстары да баршылық. Дегенмен, балалар осы тығырықтан таным жолмен, еңбектене, тырыса отырып, жолдастарымен ақылдаса, біріге отырып шығуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойылып отырған бүгінгі күн талабы – жан-жақты дамыған, көзі ашық, көкірегі ояу , рухани-адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу болып табылады. Осы талапты орындау мақсатында жұмыс жасап отырған біздің мекеменің мақсаттарының бірі **- балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту болып табылады Логикалық ойлау** – адамның интеллектуальдық қабілеттерінің негізін құрайды. Дамытушы ойындар - балалардың логикалық ойлау дағдыларын арттырады. Сол себептен балаларға логикалық ойындарды кеңінен және жүйелі пайдаланудың маңызы ерекше. Балалардың неғұрлым ойлау жүйесін ертерек дамытар болсақ, соғырлұм ақыл-ойы жетілген, интеллектуальды тұрғыдан дамыған, жан-жақты азамат болып өсер еді.

Логикалық ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау. Қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізгі болып табылады.

Ең алдымен таным көзі – сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірбиесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды. Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен, оның сезініумен байланысты.

“Ойнайық та, ойлайық” бағдарламасына

ПІКІР

Бағдарламаға негіз ретінде Ю.Гурьянованың “Математические игры и головоломки для малышей от двух до пяти лет» кітабы алынған.
Мектеп жасына дейінгі орта топ балаларының негізгі бағдарламадағы “Қарапайым математика” ұйымдастырылған оқу әрекетіне қосымша ретінде қарастырылып отыр. Алынған тақырыптар негізгі бағдарламаларды толықтырып отырады. Жұмыс жасау барысында балалардың берілген тапсырмаларды жасап отырып, ойлау қабілеттері дамиды.
Бағдарламада көтеріліп отырған мәселенің **өзектілігі** сонда қазіргі заман балаларының телевизор мен компьютерге үйренгендігін сол, яғни кез келген ақпаратты көре отырып қабылдауға дағдыланған, ал мұнда баланың өз құлағымен тыңдай отырып, ойлап, нәтиже шығаруына көңіл бөлінеді.
Ұсынылып отырған бағдарламада мектеп жасына дейінгі логикалық ойындар баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады. Бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау, қиялдау қабілетін дамуына әсер етеді.
Бағдарлама оқу әрекетінің “Таным” саласынан аптасына – 1 сағат уақыт бөлінген. Бағдарламамен жұмыс жасауға болады. Жұмыс жасау барасында ата – анамен жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік мол.

Дегенмен, перспективті жұмыс жоспарын әлі де толықтырып, программалық мазмұны мен басқа салалармен байланысын толық көрсетіп, тақырыптарын көлемдірек етіп алуға болады.

Пікір жазған: Ширманова Лаура Амангельдиевна

МКҚК «Кәусәр» бөбекжайының директоры.

«Ойнайық та ойлайық» бағдарламасының

перспективті жұмыс жоспары.

		Сабақтың тақырыбы	Программалық мақсаты	Сағат саны
Қыркүйекк	1	«Әр-түрлі түсті дөңгелектер»	Геометриялық пішіндермен таныстыру жұмысын жалғастыру, түстерді ажырата білуін бекіту, түстерді ажырата білуге үйрету, тапсырмаларды мұқият тыңдауға тәрбиелеу.	1
	2	«Әр-түрлі түсті үшбұрыштар»	Үшбұрыштарды ажырата білу білімдерін одан әрә жетілдіру, түстерді тани білуін ұштау, тапсырманы орындауға тәрбиелеу.	1
	3	«Әр-түрлі түсті үшбұрышты»	Түстер мен және геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету, жұмысты мұқият орындауға тәрбиелеу,	1
	4	«Адасқан ойыншық»	Түстерді ажырата білу дағдысын қалыптастыру, заттарды бір-бірімен салыстыра білуге үйрету, ойынға қызығушылықтарын арттыру.	1
Қазан	5	«Әженің жіптері»	Түстерді ажырата білу дағдыларын қалыптастыру жұмысын одан әрі жалғастыру, заттарды бір-бірімен салыстыра отырып, айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге үйрету.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	1
	6	«Әр-түрлі түсті дөнгелектер”	Түстерді ажырата білу дағдыларын қалыптастыру жұмысын одан әрі жалғастыру, заттарды көлеміне қарай топтастыру дағдысын жетілдіру, тапсырманы дұрыс орындауға тәрбиелеу.	1
	7	«Сәйкес түсті тап»	Түстерді есте сақтап оны тани білу дағдысын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту жзұмысын бекіту, алған білімдерін іске асыра білуіне тәрбиелеу.	1
	8	«Көңілді серуен”	Ойлау қабілеттерін дамыту, түстерді ажырата білуге жаттықтыру, есте сақтау қабілеттерін бекіту.	1
Қараша	9	«Жасыл түске жүреміз”	Жол қауіпсіздігі ережелеріне дағдыландыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, зейін қоя тыңдай білу дағдысын жетілдіру;	1
	10	”Әженің сандығы”	Түстерді ажырата білу жұмысын одан әрі жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тапсырманы мұқият тыңдай білуге тәрбиелеу.	1
	11	«Түрлі-түсті ойлар”	\Түстермен таныстыру жұмысын бекіту, есте сақтау қабілеттін дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
	12	”Тышқанды тауып ал”	Заттарды түстеріне қарай жіктеуге үйрету, оларды салыстыруға жатттықтыру, бір-біріне көмек корсете білуге тәрбиелеу.	1

Желтоқсан	13	"Түрлі-түсті су"	Түстермен таныстыру жұмысын одан әрі жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, жұмысты мұқият орындауға тәрбиелеу.	1
	14	"Ыдыстар»	Заттарды көлеміне қарай ажырата білуге үйрету, салыстыра білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру,	1
	15	"Суреттерді құрастыр"	Балаларды бір-бірімен бірлесе жұмыс жасай білуге үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызбіршілікпен жұмыс жасайй білуге тәрбиелеу.	1
	16	«Өлеңді құрастыр"	Заттарды көлеміне қарай ажырата білу дағдысын жетілдіру, тапсырмаларды зейін қоя тыңдай білуге үйрету.	1
Қаңтар	17	."Су мұнарасы"	Әртүрлі пішіндегі құрылыс материалдарымен таныстыру, оларды көлеміне қарай топтап, құрастыра білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
	18	"Егіздер"	Топ заттардың ішінен салыстыра отырып екі бірдей заттарды тауып беру дағдасан жетілдіру, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, берілген тапсырмаларды мұқият орындай білуге тәрбиелеу.	1
	19	"Тауып ал"	Логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорын молайту, берілген затты ерекше белгісіне қарай сипаттап беру, талдау жасау қабілетіне тәрбиелеу.	1
	20	"Кімнің шұлықтары"	«Көп» және «аз» ұғымы бойынша берілген білімдерін бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, берілген тапсырманы мұқият тыңдап және оны орындай білуге тәрбиелеу.	1
Ақпан	21	«Жұмбақ пен жауап"	Заттарды түсіне қарай топтап, сипаттап беруге үйрету, көлеміне қарай ажырата білуді үйрету жұмысын жалғастыру, берілген тапсырмаларды зейін қоя тыңдай білуге тәрбиелеу.	1
	22	«Алмастыру»	Көріп есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тапсырманы зейін қоя тыңдау ға тәрбиелеу, логикалық тапсырмаларды орындауға , қызығушылықпен қатысып отыруға ынтасын арттыру.	1
	23	"Үй жиһазы"	Заттарды шартты белгілер бойынша орналастыра білуге үйретту, үй жихаздары туралы білімдерін тиянақтау, ұқыптылық, тазалыққа тәрбиелеу.	1
	24	«Қуыршақты тап"	Берілген тапсырма бойынша шартты белгілер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, бір-біріне көмек көрсете білуге тәрбиелеу.	1
Наурыз	25	«Жауабын тап"	Балалардың берілген сұраққа жауап тауып беру білу, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, сөздік қорын молайту, сөйлеу тілін жетілдіру, тапсырманы орындауға тырысуға дағдыландыру.	1

	26	«Кімнің шешесі”	Үй жануарларын жіктеп, атап, ажырата білуге үйрету, үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау, сөздік қорын молайту, тапсырманы орындау барысында бірін-бірі тыңдай білуге және бір-бірінің жауаптарын толықтырып отыруға тәрбиелеу.	1
	27	«Өз ойынды айт”	Берілген заттарды белгілеріне қарай сипаттап беруге үйрету, олардың бір-біріне сәйкес келу-келмеуі туралы білімдерін толықтыру, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
	28	«Шатастыру”	Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажырата, атай білу білімдерін бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тапсырманы орындау барысында зейін қоя тыңдап, мұқият орындай білуге тәрбиелеу.	1
Сәуір	29	«Кімнің орындығы”	Заттарды ортақ белгілеріне қарай жіктей білуге жаттықтыру жұмысын жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	30	«Не қайда тұрады”	Жануарлардың мекені туралы білімдерін бекіту, олардың мекендерін бір-бірінен ажыратьа білуге үйрету, жан-жануарларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.	1
	31	«Жыл мезгілдері”	Жыл мезгілдерінің белгілеріне қарап олардың ерекшеліктері, бір-бірінен айырмашылығы туралы білімдерін бекіту, жыл мезгілдерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	1
	32	«Өз сынарын тап”	Заттарды сыртқы белгілеріне қарап жіктей білу дағдыларын бекіту, бір-бірімен салыстыра білуге үйрету, тапсырманы орындай білу дағдыларын одан әрі жетілдіруге тәрбиелеу.	1
Мамыр	33	«Шкаф”	Топтай білу дағдыларын одан әрі жетілдіру, ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	34	«Кімге не”	Берілген суреттер бойынша кімге не қажет екендігін табу, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	35	.”Тез-тез”	«Тез» және «жәй» сөздерінің мағынасын түсіндіру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, берілген тапсырмаларды зейін қоя тыңдап, ұқыпты орындай білуге дағдыландыру.	1
	36	”Бойын қанша ?”	Балалардың ұзындық өлшемі туралы білімдерін бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бір-біріне көмек көрсете білуге тәрбиелеу.	А
		БАРЛЫҒЫ:		36 сағат

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Математические игры и головоломки для малышей от двух до пяти лет. Ю.Гурьянова.
2. Мұғалім журналы №3, май-июнь, 2013 ж.
3. Менің математикам. Е.К.Соловьева,

   Л.Н.Коренькова,

   К.И.Копытова.
3. Энциклопедия.